



"Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 105-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын;

3) ай сайын, 30-ы күнінен кешіктірмей, тізбеге сәйкес құқықтық актілердің әзірленуі және қабылдануы туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген Заңды іске асыру жөніндегі жиынтық ақпаратты талдап, жинақтасын және айдың 5-і күнінен кешіктірмей , жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

Премьер-Министр

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2024 жылғы 29 шілдедегі
№ 105-ө өкімімен
бекітілген

Қабылдануы "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты тұлға
----------	---------------------------	----------------	--	--------------------	---

1	2	3	4	5	6
	"Қазақстан Республикасын ың Ұлттық қауіпсіздік				

1	комитеті Шекара қызметінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 282 Жарлығы на өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ҰҚК (келісу бойынша)	2024 жылғы қыркүйек	Е . Е . Алдажұманов
2	"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	СІМ	2024 жылғы қыркүйек	Р.Ю. Василенко
3	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ	2024 жылғы қыркүйек	А.Қ. Рысбаев
4	"Босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы	Еңбекмині	2024 жылғы қыркүйек	Н.Е. Сағындықова

	Үкіметінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 183 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Үкіметінің қаулысы			
5	"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ДСМ	2024 жылғы қыркүйек	Т.С. Сұлтанғазиев
6	"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, баспана іздеген адамдардың айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың тізбесін және медициналық көмектің көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы	ДСМ	2024 жылғы қыркүйек	Е.Ш. Нұрлыбаев

	министрінің 2020 жылғы 9 қазандағы № ҚР ДСМ-121/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы				
7	"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині	2024 жылғы қыркүйек	Н. Е . Сағындықова
8	"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ОМ	2024 жылғы қыркүйек	Е.С. Оспан
9	"Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы	ТСМ	2024 жылғы қыркүйек	Е.М. Еркінбаев

	Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 865 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Үкіметінің қаулысы			
10	"Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ	2024 жылғы қыркүйек	Қ.Ж. Ысқақов
11	"Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 123, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі мен Қазақстан	ІМ, Еңбекмині, ДСМ, ОМ	2024 жылғы қыркүйек	А.Қ. Рысбаев, Н.Е. Сағындықова, Т.С. Сұлтанғазиев, Е.С. Оспан

	<p>халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 271 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 190 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы</p>	<p>Республикасы Оқу-ағарту министрінің бірлескен бұйрығы</p>			
12	<p>"Мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға тұлғалардың құқықтарын растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 114 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы</p>	<p>Әділетмині</p>	<p>2024 жылғы қыркүйек</p>	<p>Л . Қ . Мерсәлімова</p>
13	<p>"Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 7</p>	<p>Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы</p>	<p>Еңбекмині</p>	<p>2024 жылғы қыркүйек</p>	

	сәуірдегі № 118 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы				Н . Е . Сағындықова
14	"Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 230 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	2024 жылғы қыркүйек	Н . Е . Сағындықова
15	"Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығына	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	2024 жылғы қыркүйек	

	өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы				Н . Е . Сағындықова
16	Адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомстволар аралық комиссия туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі мен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бірлескен бұйрығы	ІІМ, Еңбекмині	2024 жылғы қыркүйек	А.Қ.Рысбаев, Н . Е . Сағындықова
17	Адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік комиссия туралы үлгілік ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі мен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бірлескен бұйрығы	ІІМ, Еңбекмині	2024 жылғы қыркүйек	А.Қ. Рысбаев, Н . Е . Сағындықова
18	Адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін оларды қайта бағыттау тәртібін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі мен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бірлескен бұйрығы	ІІМ, Еңбекмині	2024 жылғы қыркүйек	А.Қ. Рысбаев, Н . Е . Сағындықова

19

Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қауіп-қатерлерді бағалауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі мен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бірлескен бұйрығы

ІІМ, Еңбекмині

2024 жылғы қыркүйек

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

МAM – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

OM– Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ТСМ – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі;

ҰҚК – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

ІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.